

А.А. Григоркевич, З.Г. Сактаганова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: GrigorkevichA@mail.ru)*

Кеңес Одағы қалаларының күнделікті өмірінде дене шынықтыру мен спорттың жаппай сипат алуының алғышарттары

КСРО-дағы дене шынықтыру мен спорттың дамуы «мәдени революцияның» бағыттарының бірінің дамуын көрсетті. Кеңес билігінің алғашқы он жылдықта дене шынықтырудың жалпыға ортақ мемлекеттік бағдарламалары, дене шынықтыру және спорт ұйымдарына қолдау көрсету, дене шынықтыру-спорт нысандарын азаматтық құрылыс жоспарына енгізуі мемлекеттегі дене шынықтырудың жалпы деңгейін түсінуге және спортты мәдени өмірдің айтарлықтай құбылысы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Дене шынықтыру мен спорт саласына халықтың әртүрлі топтары: өнеркәсіп жұмысшылары, білім алушылар, әйелдер тартылды. Мұндай дене шынықтыру мен спорттық қозғалыстар әуесқойлық сипатта болды және мұның өсуі нәтижесінде өмірлік бағдарламаны орындаушы рөлін атқарды. Мемлекеттегі дене шынықтыру басымдылықтарын құруға не ықпал етті? КСРО халықтарының күнделікті өмірінде дене шынықтыру тәрбиесінің жаппай сипат алуының алғышарттары неде? Мақала авторлары аталған мәселелерді жан-жақты талқылап, жауап табуға тырысты.

Кілт сөздер: дене шынықтыру, спорт, Қазақстан, Кеңес Одағы, жаппай сипат, күнделікті өмір, дене шынықтыру жүйесінің қалыптасуы, ұлттық ойындар.

Мақалада Кеңес Одағы қалаларының күнделікті өміріндегі дене шынықтыру мен спорттың пайда болуының алғышарттары қарастырылды. Кеңес мемлекетінде халықтың физикалық тұрғыдан денсаулығын күшейту идеясы қалай пайда болды? Не себептен КСРО халықтары арасында дене шынықтыруды дамыту нормаларын реттейтін құжаттарды қалыптастырудың қажеттілігі туындады? Жұмысшы топтары арасында дене шынықтыру жаттығуларының танымал болуына СОКП ОК-нің қаулылары қалай әсер етті? Қазіргі әлемде дене шынықтырудың жаппай сипат алуы мүмкін бе? деген сұрақтарды ескере отырып, біз бұрын құрамына Қазақстан енген Кеңес мемлекеті территориясындағы дене шынықтыру мен спорттың жаппай пайда болу тарихын талдауға тырыстық.

Дене шынықтыру жалпы мәдениеттің бір бөлігі ретінде адамның физикалық сапасы мен қабілетін дамытуға, денсаулығын нығайтуға бағытталды. Өзінің түптамыры жағынан дене шынықтыру тарихы ерте кезеңнен бастап орын алады. Мысал ретінде алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі мамонттарды аулауды, орта ғасырлық соғыстарды, жұдырықтасып төбелесулерді, садақпен ату, атпен жүру, жүзу, тағы басқаларды атап көрсетуге болады.

Қазіргі кезеңде дене шынықтыру физикалық денсаулық пен спорт жетістіктеріне қолжеткізудің құралдарында жетілдіріліп және мемлекеттік маңызды іс ретінде жаппай сипат алуда. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жыл сайынғы Жолдауында дене шынықтыру мен спортты дамыту қажеттілігі атап көрсетілуде. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тек дені сау ұлт қана бәсекеге қабілетті бола алады. Сондықтан біздің мемлекеттік саясатымыздың стратегиялық бағыттарының бірі — жаппай спорт қозғалыстарын кеңейту болып табылады», — деп Қазақстанда спорттың дамуына маңызды мән беріп, — «спорт — бұл мемлекеттің беделі мен абыройы үшін жұмыс жасайтын сала» [1], деп көрсетеді. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлт денсаулығы — біздің табысты болашағымыздың негізі» деп атап көрсеткендіктен, көптеген құқықтық құжаттарда дене шынықтыру мәселелеріне үлкен назар аударылып отыр [2]. Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасу кезеңінде пайда болған мәселелерді шешу жолдарын іздестіру сұрағы маңызды болды. ҚР Президентінің дене шынықтыру және спорт Кеңесінің отырысындағы сөйлеген сөздерінде халықтың денсаулығын жақсартудағы біздің негізгі міндеттеріміздің бірі — жаппай спортты және жаппай дене шынықтыруды жаңғырту деп атап көрсетілді.

КСРО-ғы дене шынықтыру Ресей империясында өмір сүрген халықтардың дене шынықтыруымен тығыз байланысты және оның өзіндік халықтық түптамыры бар. Ежелгі дәуірден бастап қарапайым халық мереке күндерінде және қол бос уақытында әртүрлі ойындармен, жұдырырықтасып төбелесу, күрес, жүзу, коньки және шаңғы тебумен айналысқан. Мемлекеттік жүйенің бір бағыты ретінде дене шынықтыру І Петр реформалары кезеңінде қалыптаса бастады және

бұл тұрақты әскер мен флотты әскери-физикалық тұрғыдан даярлау ісінде айқын көрінді. Патша тарапынан құрылған Преображенск және Семеновск полкілерінде әскерлер садақ пен мушкет ату, оқу бекіністеріне шабуыл жасау, су кедергілерімен күрес жүргізуді үйренді. Қарулану ісінде найзаның пайда болуынан соң әскери дайындыққа найзамен күресу әдістерін үйрету енгізілді. I Петр кезеңінде ашылған оқу орындарында дене шынықтыру ісі енгізілді. Оқушылар семсерлесу, жүзу, атпен жүру, желкен мен еспелі кеме істерімен шұғылданды. Бұл көңіл көтеру емес, саналы және арнайы түрде айналысқан дене шынықтыру бойынша жаттығулардың алғашқы нышаны болып саналады. Айта кету қажет, XVII ғ. дене шынықтыру тәрбиесі әскери мақсаттағы айтарлықтай қолданбалы сипатқа ие болды. Сонымен бірге дене шынықтыру және әскери тәрбиесіндегі өзгерістер тек қана дворяндық топтарды қамтыды.

Ежелден бері спортпен, дене шынықтыру тәрбиесімен шұғылдану ісі екіжақты сипатқа ие болды. Бір жағынан, қарапайым халық арасындағы дене шынықтыру тәрбиесі физикалық еңбек және әртүрлі халықтық ойын-сауықпен, яғни өз бетімен дамитын халықтық дене шынықтыру мәдениетімен, шектелді. Жұдырықтасып төбелесу, күрес, шаңғы тебу — осының барлығы халықтық ойын-сауық сипатына ие болып, олардың қатаң түрдегі жүйесі мен арнайы жаттығулары және жаттығу жүйесі болған жоқ. Басқа сөзбен айтқанда, қарапайым халық арасындағы дене шынықтыру тәрбиесі «стихиялық» сипатқа ие болды. Осыған қарамастан, халық арасындағы негізгі іс — физикалық түріндегі еңбек болғандықтан, ал бұл, өз кезегінде, мықты денсаулықтың және физикалық тұрғыдан шыдамдылықтың бар болуын қажет еткендіктен, қарапайым халық арасындағы дене шынықтыру тәрбиесі қажеттілік болып саналды.

Екінші жағынан, зерттеушілер шайқасқа дайындық барысындағы әскерлердің гимнастикалық жаттығулары, ат жарыстары және яхт-клуб (суда жүзу спортымен шұғылданушы ұйым) сияқты қоғамның аксүйектері мен элиталарына тән әскери тәрбиелеу жүйесін атап көрсетеді.

XVIII ғ. Ресейде дене шынықтыру тәрбиесі мәселелері ресейлік прогрессивті қайраткерлердің еңбектерінде дамуын жалғастырды. ХУІІІ ғ. II жартысындағы дене шынықтыру тәрбиесінің теориясы мен тәжірибесіне Ресейдегі тәрбиелеу үйлерінің негізін қалаған И.И. Бецкий (1704–1795) айтарлықтай ықпал етті [3]. Ол кейбір физикалық ескертпелерді білдіре отырып, «Балаларды туылғанынан бастап жастық шаққа дейінгі тәрбиелеудің қысқаша бағытын» (1766) көрсетіп, онда балалардың физикалық дамуына ықпал ететін әртүрлі іс-шараларды, шыңдау, жеке гигиена қағидаларын сақтауды ұсынып, тәрбиелеу үрдісінде балалардың жастық ерекшеліктерін ескеруге үлкен мән берген.

XVIII ғ. аяғындағы орыс ағартушысы, журналист, «Мәскеу ведомствосының» баспашысы Н.И. Новиков (1744–1818) дене шынықтыру тәрбиесін жалпы тәрбиелеудің құрамдас бөлігі ретінде қарастырған. Ол өзінің «О воспитании и наставлении детей для распространения общепользных знаний и всеобщего благополучия» атты мақаласында халыққа арналған дене шынықтыру тәрбиесі жүйесінің негізгі принциптерін қарастырған [4]. Оның пікірінше, балаларды физикалық тұрғыдан тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде іс-қимыл ойындарын (әсіресе доппен), күресу, журу, бірқалыпты жүгіру, тамақтану мен дем алу тәртiптерiн ұстану, физикалық жаттығуларды белсенді түрде қолдануды атап көрсеткен. Сонымен бірге ғалым дене шынықтыру тәрбиесін эстетикалық тәрбиемен байланыстыратын орыс халық билеріне маңызды назар аударған.

Адамның жан-жақты дамуы жөніндегі мәселе алғашқы орыс ағартушысы А.Н. Радищевтің (1749–1802) «Путешествие из Петербурга в Москву» атты шығармасында қарастырылған және, оның пікірінше, тәрбиелеудің негізгі мақсаты — үйлесімді ақыл-ой, адамгершілік және физикалық тәрбиелеу болып табылады. А.Н. Радищев физикалық тәрбиелеудің негізгі құралдарына еңбекті, ойындарды, физикалық жаттығулардың халықтық түрлерін (жүгіру, лақтыру, секіру, атпен жүру, ату) жатқызған. Ол организмді шынықтыруға, гигиена қағидаларын қадағалауға үлкен назар аударып, артық тамақтанудан сақтануға шақырып, «киім киуде ұқыпты болыңыз, денені таза ұстаңыз, тазалық — денсаулықтың кепілі», — деп атап көрсеткен болатын [5].

Прогрессивті қайраткерлер мен ғалымдардың көзқарастары дене шынықтыру тәрбиесі саласындағы педагогикалық ойлардың дамуына ықпал етті. Физикалық тәрбиелеудің басты міндеті — адам денсаулығын нығайту және қорғау, ептілік пен төзімділікке және басқа моральдық-жігерлік қасиеттерін тәрбиелеу болды. Дене шынықтыру жаттығуларын жасау үрдісінде балалар мен жасөспірімдердің жастық және физиологиялық ерекшеліктері ескерілді.

Патшалық Ресейде дене шынықтыру мен спорт мәдениетінің дамуының келесі сатысы негізін А.В. Суворов қалаған орыс әскерлерін әскери-физикалық тұрғыдан тәрбиелеудің жүйесінің

калыптасуы болды. Солдаттар мен офицерлердің күнделікті физикалық жаттығулары қолбасшы мен оның жақтастарына төзімді және шыңдалған, қарсыласты жеңе алатын армия құруға мүмкіндік берді. Суворов жүру, жүгіру және әртүрлі бұрылулар, қару-жарақпен жаттығуларды қамтитын әскерлердің таңғы шынығуын алғаш рет тәжірибеге енгізді. Ұлы қолбасшы өзінің әскерлерді дарлау туралы көзқарастарын «Полковое учреждение» және «Наука побеждать» (1796) [6] атты еңбектерінде атап көрсеткен. Дене шынықтырудың негізгі құралдары жүгіру, секіру, өрмелеп шығу т.б. болып табылды.

Ресей армиясында әскерлердің физикалық және жауынгерлік дайындықтарын жетілдірудің бірден-бір қозғаушы күші әскери дайындықтың кемшіліктерін көрсеткен жүргізілген соғыстардың, әсіресе ірі әскери кампаниялардың нәтижелері болды.

1812 ж. француздармен соғыстан кейін жеке құрамдағы әскерлердің физикалық дайындығын жоғарлату мақсатында оқу-жаттығудың келесі түрлері: 1820 ж. семсерлесу, 1830 ж. гимнастика тәжірибеге енгізіледі. Мұндай жағдай қажетті материалдық базаны, сабақ беретін жетекшілерді даярлау және әдістемелік құралдарды өңдеуді талап етті. Ату және ат спорты, семсерлесу, әртүрлі ойындар бойынша жарыстар мен жаттығулар өткізілді. Әскери округтарда гимнастика мен семсерлесу бойынша нұсқашыны дайындайтын мектептер мен курстар ашылды. Мұнан басқа, нұсқаушылар корпусы, дивизиялық және полк мектептерінде даярланды.

Келесі жылдары әскерлерді физикалық тұрғыдан дайындау ісі одан әрі кеңейеді: 1830 ж. кадет корпустарында, 1838 ж. гвардия полктерінде семсерлесу бойынша сабақ жүргізу тәжірибеге енгізіліп, соңынан барлық армияда қосымша сабақ ретінде гимнастика оқытыла басталды. 1838 ж. «Әскери гимнастика және найза мен қылыш арқылы семсерлесу» басқармасы бекітіледі. Армияларда арнайы гимнастика қалалары құрылып, әскерлердің физикалық дайындық деңгейлерін анықтау үшін кейбір жаттығулар мен нормативтар (1 және 4–8 шақырымға жүгіру, әртүрлі қашықтыққа марш жасау, ұзындыққа секіру және бақанмен секіру) енгізілді.

Сонымен бірге әскери оқу орындарында жүзу кең тарады. 1850 ж. орыс армиясын физикалық тұрғыдан даярлаудың ұлттық ерекшеліктері көрсетілген «Әскерлерді гимнастика бойынша оқытудың ережелері» қабылданады. Бұл Ереже армияны физикалық тұрғыдан даярлау бойынша орыс әскери-теориялық ойдың даму нәтижесі болды.

Қырым соғысындағы жеңілістен соң (1853–1856) армиядағы физикалық дайындықтың бірінғай ұйымдастырылуы мен әдісін құру үшін 1861 ж. «Гимнастикаға үйретудің ережесі» және «Соғыста найзаны қолдануға үйретудің ережесі» енгізілді. Бұл ережелерге сәйкес оқу сабақтары физикалық дайындықтың негізі ретінде заңдастырылды. Гимнастика және найзамен күресу бойынша оқу сабақтарын бөлім командирі таңғы уақытта немесе түскі уақыттан кейін 2 сағаттан соң өткізді. Соңғы жылдары физикалық дайындаудың негізгі ережелері 1879 ж. қабылданған және орыс армиясында 30 жыл бойы әрекет еткен физикалық дайындықтың ресми құжаты — «Гимнастика бойынша оқытудың нұсқауына» сәйкес дамыды. Аталған нұсқауда көрсетілген талаптарға сәйкес жылдың соңында барлық әскерлер барлық үйретілген жаттығулар (сатыдан қолмен көтерілу, тартылу, ұзақтыққа секіру және бөрене арқылы көлденеңнен секіру) бойынша тексерістен өтті [7].

XIX ғ. прогрессивті орыс ғылыми ойының өкілдері, ғалымдар, дәрігерлер, педагогтар және қоғамдық қайраткерлер халықты сауықтыру және физикалық тұрғыдан даму үшін белсенді күрес жүргізе бастайды. Дене шынықтыру үлкен қиындықтар арқылы мемлекеттің оқу орындарына енгізіле бастайды. XIX ғ. екінші жартысында әйгілі орыс ғалымы және педагогы П.Ф. Лесгафт дене шынықтырудың ғылыми тұрғыдан негізделген жүйесін өңдеп, дене шынықтыру бойынша оқытушыларды даярлаудың арнайы оқу орындарын құрады. Ғалымның пікірінше, аталған білім беру жүйесі жүйелі түрдегі ақыл, эстетикалық, физикалық дамуды қамтиды және адамды қоғамның игілігі үшін жұмыс жасауына ықпалын тигізеді. Мұндай үйлесімді дамуды тек қана адамның жасы мен жыныстық белгілерін және дене тәрбиесінің негізгі құралы шынайы жаттығулар болып табылатын дене шынықтырудың ғылыми тұрғыдан негізделген жүйесін ескере отырып, жүзеге асыруға болады. П.Ф. Лесгафт шынайы физикалық жаттығулардың қатарына жүгіру, секіру, лақтыру, күрес, ойындар және қарапайым гимнастикалық жаттығуларды жатқызады.

П.Ф. Лесгафт алғашқылардың бірі болып дене шынықтыру бойынша мамандарды даярлауға аса назар бөлген. 1893 ж., оның бастамасы бойынша, құрылған оқушы жасөспірімдердің физикалық дамуына ықпал ету Петербург қоғамы тек қана ауқатты отбасыдан шыққан балалар үшін емес, сонымен бірге жұмысшылар, орта қызмет отбасы балаларының қатысуын қамтамасыз ете отырып, дене шынықтыру мәдениеті бойынша сабақ жүргізіп, экскурсиялар жасап, әртүрлі ойындар

ұйымдастырды. Бірақ дене шынықтыру тәрбиесі мен спорт мемлекеттің тарабынан қолдау тапқан жоқ және орыс интеллигенциясының прогресивті топтары ынтасының арқасында жүзеге асырылды.

Ресейдегі спорттың қазіргі заманғы түрлерінің пайда болуы мен дамуы XIX ғ. аяғында, яғни көптеген батыс мемлекеттерімен салыстырғанда, олардан шамамен 50 жыл кейін басталды. 1889 ж. Мәскеуде конькимен жүгіру спорты бойынша алғашқы Ресей чемпионаты өткізілді және мұнда 3 шақырымға (3200 м) 7 мин 30 сек нәтиже көрсеткен А. Паншин жеңіске жетеді. Спортшылар Мәскеудегі Петровкада төрт айналымы бар 200 шақырымдық мұз айдынында жарысты. 1895 ж. 29 желтоқсанында шанғышылардың Мәскеу клубы ашылды. 1897 ж. күрес пен ауыр салмақты көтеруді қамтыған ауыр атлетика бойынша алғашқы Ресей чемпионаты өтті. Орыс палуандары халықаралық деңгейге шыға бастайды. 1901 ж. ауыр салмақты Георг Гаккеншмидт әлем чемпионына ие болады. Иван Поддубный 6 рет әлем чемпионы болады [8]. Бірақ Ресей 1900 ж. және 1904 ж. өткізілген Олимпиада ойындарына қатыспайды. Тек қана 1908 ж. Лондонда өткен Олимпиада ойындарына бейресми түрде 6 ресейлік спортшы қатысады.

XX ғ. басында студенттік спорт үйірмелерінің қызметі айтарлықтай күшейе бастайды. 1903 ж. бастап студенттер арасында «Өнегелік және физикалық дамуға қолжеткізу үшін жас азаматтарға көмек көрсету үшін Петербург комитеті» өзінің қызметін белсендете бастайды. Патшалық Ресей үкіметі дене шынықтыру тәрбиесіне аса қызықшылық танытпайды. Тек қана 1905–1907 жж. революциядан және Жапониямен соғыстан жеңіліс тапқан соң жастардың назарын революциялық күрестен бұру, сонымен қатар орыс армиясының қорын даярлау мақсатында әртүрлі дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметі көтермеленіп, спорттық үйірмелер кейбір материалдық көмекке ие болады. Бірақта мұндай көтермелеулер мен материалдық көмек көрсету ұзаққа созылған жоқ. Студенттердің назарын саяси күрестен дене шынықтыру арқылы бұру жүзеге асырылмайтындығын түсінген соң, 1906 ж. наурызда патшалық Ресейдің ағарту ісі бойынша министрлігі мен Ішкі істер министрлігі студенттерге әртүрлі қоғамдық, соның ішінде спорттық үйірмелерді құруға тыйым салынған бірлескен шешім шығарады.

Тыйым салуға қарамастан, дене шынықтыру тәрбиесіне деген қызығушылықтың артуы және студент жастардың белсенділігі студенттік үйірмелерді құруға рұқсат тудыратын жаңа институттық және университеттік жарғылардың, сонымен қатар «Студенттер жөніндегі Ереженің» (1907) қабылдануын қамтамасыз етті. П.Ф. Лесгафт, генерал А.Д. Бутовский және М.М. Драгомировтың армияларын физикалық тұрғыдан даярлау бойынша теория және тәжірибе саласындағы ірі мамандардың арқасында орыс армиясын физикалық тұрғыдан дайындаудың жүйесі алғаш рет өңделді. Бұл жүйе 1907 ж. «Найзамен күресуге үйрету» және 1910 ж. «Әскерлерді гимнастикаға үйрету нұсқауы» сияқты ресми құжаттарда атап көрсетілді [9].

Әскери ведомство жастардың физикалық тұрғыдан дайындығының төмен деңгейде болуына қызығушылықпен және ерекше алаңдаушылықпен қарады. Бұл жағдай, алдымен, Жапониямен соғыста жеңіліс тапқан соң патшалықтың Ресейдің әскери беделін қайта қалпына келтіру мен жастарды әскери қызметке даярлаумен түсіндірілді. Сондықтан, әскери шенеуніктер әртүрлі спорттық, гимнастикалық және жартылай әскери ұйымдарды құра бастайды. Ең көп тараған дене шынықтыру жаттығулары «күлдіргі (потешный)», скаут отрядтары мен гимнастика үйірмелері болды.

1909 ж. басында Ағарту министрлігінің шенеунігі, Бахмут уездінің халықтық училищесінің инспекторы А.А. Луцкевич XVI ғ. I Петрдің құрған әскери отрядтарының құрметіне «күлдіргі» отрядтары шақырылады. Шенеунік жазғы демалыс уақытында балаларға сапқа тұру мен гимнастика бойынша тәлім беріп, қысқа мерзімнің ішінде өзіндік сипаты бар әскери бөлімше құрады. «Құнды бастамасын» үгіттеу үшін 1910 ж. мамырда Луцкевич өзінің «күлдіргі» отрядтарымен бірге астанаға шақырылады [10]. «Күлдіргілер» патшаға және әскери министрі Сухомлиновқа жақсы пікір қалдырды. «Күлдіргілер» отрядтарында әскери муштра қолданысқа ие болды, балалар механикалық түрде сапқа тұру жаттығуларын және қару әдістерін жаттап алды. Бұл отрядтарда дене шынықтырудың бірінғай түрлері мен әдістері болған жоқ. «Күлдіргілерді» даярлау барысында гимнастикалық жаттығулар қолданылды. Сабақ жүргізудің әдістері мен мазмұны балалардың организмнің ерекшеліктерін ескерген жоқ. «Күлдіргілер» отрядтарындағы балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеудің жүйесіне орыс интеллигенциясының бір бөлігі, әсіресе педагогтар мен дәрігерлер қарсылық білдірді. Осының себептерінен 1914 ж. «күлдіргілер» отрядтарының қызметі тоқтатылды.

Патшалық Ресейдегі дене шынықтыру тәрбиесінің дамын көрсеткен бағыттардың бірі скаут отрядтары болды. 1910 ж. орта білім беру мектептерінің оқушыларын қамтитын алғашқы үйірмелер

құрылды. 1910 ж. орта білім беру орындарының оқушылары қатарынан тұратын алғашқы үйірмелер пайда болды. Жасөспірімдерді мектептен тыс милитаризациялаудың мұндай түрлері бүкіл әлемде кеңнен тарай бастады. Скаут жасағына қосылу үшін оқу орнының әкімшілігінен рұқсат алу және мүшелік төлемін енгізу, форма сатып алу қажет болды. Скаут жасағына қарапайым халықтың балалары мүше болмау үшін барлық жағдай қарастырылды. Патша үкіметі скауттардан болашақта құдайға сенетін және патшаға берілген офицерлер мен интеллигенция даярлауға үміттенді.

Скауттардың жасақтарында жасөспірімдер саяси, әскери және дене шынықтыру дайындықтарынан өтуі керек болды. Олар жедел жәрдем көрсетудің әдістері мен топографияға бағытталған әскери істерді үйеренді. Скауттарды физикалық тұрғыдан даярлаудың негізгі құралы гимнастика, жеңіл атлетика, спорт ойындары, әскери шабуылдар болды. Педагогтар ретінде офицерлер, Ағарту министрліктерінен шенеуніктер, арнайы дайындалған тұлғалар, сонымен бірге Англиядан келген скаут шеберлері тағайындалды.

Ресейдегі скауттар қозғалысы әртүрлі буржуазиялық қоғам мен үкіметтік мекемелер тарабынан қолдау тапты. Әскери ведомство скауттарды формалармен, құрал-саймандармен қамтамасыз етіп, жиындар ұйымдастырды. II Николай бұйрығымен ағылшын генералы Баден-Пауэлдың «Юные разведчики» атты кітабы орыс тіліне аударылды, ал 2010 ж. патшаның шақыруы бойынша Баден-Пауэль Ресейге келген болатын. Егер «күлдіргілер» жасақтары жұмысшылардың балаларына арналса, скауттар жасақтары буржуазия мен интеллигенцияның балаларына арналды.

1912 ж. шаңғы жарысы бойынша алғаш рет Ресей біріншілігі өтті. 1912 ж. Петербургте Бүкілресейлік футбол одағы ашылды. Осы жылы бұл Одақ алғашқы мемлекеттік чемпионат өткізіп, ФИФА-ға (Футболдың халықаралық федерациясына) қабылданды. Ресей империясында спорттың басқада түрлері бойынша бірлестіктер мен лигалар құрыла бастады. 1911 ж. 16 наурызында 31 орыс спорт қоғамының өкілдері Ресей олимпиадалық комитетінің жарғысының жобасын қабылдайды. Бірақ бұл жоба 1912 ж. 17 мамырда Ресей СІМ тарабынан бекітілді, ал Олимпиада ойындары осы жылдың 5 мамырында Стокгольмде басталып кеткен болатын. Ресей Швецияға генерал В.Н. Воейков пен 178 ең үздік спортсмендерін жібереді. Олимпиадалық құрамаға Петербургтың Негізгі офицерлік гимнастикалық-семсерлесу мектебінің мүшелері енді. Олимпиада ойындарының нәтижесінде ресейлік спортсмендер төрт медаль, соның ішінде екеуі — ату бойынша, біреуі — қайықшылардың жарысы бойынша, бір күміс медаль — классикалық күрес бойынша жеңіп алды. Командалық біріншілік бойынша Ресей Австриямен бірге 15-ші орынды иеленді.

Стокгольмдегі Олимпиада ойындарындағы ресейлік спортсмендердің сәтсіздігі II Николайды 1913 ж. 7 маусымда Ресей империясы халқының физикалық тұрғыдан дамуын қадағалайтын Басты бақылаушы қызметін құруға итермеледі және бұл қызметке генерал II В.Н. Воейкованы тағайындады. Шын мәнінде, Владимир Николаевич Ресей тарихындағы алғашқы спорт министрі болды [11]. Мұндай тағайындау арқылы орталықтандырылған басқаруды құруға талпыныс жасалды. Генералдың басшылығында құрылған канцелярия барлық спорттық клубтардың санағын жүргізіп, олардың қызметіне бақылау орнатты, халықаралық жарыстарға командаларды даярлаумен айналысты. Мұндай мемлекеттік органның дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі сұрақтарының Мариин сарайындағы Министрлер Кеңесінде қарастырылуының өзі аталған органның маңыздылығын дәлелдеп береді. Бұл жөнінде В.Н. Воейков өзінің мемуарында: «Қатысушылардың саны жүз адамнан асты. Олардың барлығы спорттың пайдасы үшін жұмылдырылды, бірақ алғашқы кезеңде бұл іс бойынша жеткілікті түрдегі тәжірибе болған жоқ» деп атап өтеді [12].

Оқу орындарында білім алушылар арасында белгілі бір затпен жаттығатын, снарядпен жаттығуға бағытталған және Әскери министрлік пен Ағарту министрлігі қолдау көрсеткен сокол гимнастикасы кеңінен тарады. Ресейдегі барлық ауыл үйірмелері «Ресейлік сокол одағына» біріктірілді. 1914 ж. Ресейде «соколдардың» I-ші съезді өтті және бұл жастардың арасында сокол гимнастикасының кеңінен тарауына ықпал етті. Сокол гимнастикасы бойынша сабақтар Ағарту министрлігінің оқу ғимараттарында өтті. Сокол гимнастикасы үйірмелерімен қатар, басқа да гимнастикалық және спорттық ұйымдар құрыла бастады, сонымен бірге бастапқыда Петербург пен Мәскеуде, сонынан басқа да қалаларда білім алушы жастардың физикалық дамуына ықпал ету қоғамдарын құру қолдау тапты. Бұл қоғамдар жастар арасында гимнастиканың, ойындардың, спорттың тарауына ықпал етті, спорт пәндері бойынша оқу құралдарын басып шығарды. Бұл қоғамдарға Ағарту министрлігі материалдық жағынан қолдау көрсетіп, бұл қоғамдар «жастардың моралдық тұрақсыздығына» әсер ететін ұйымдар ретінде танылды.

Бірақ балалармен жұмыс жасаған мұғалімдердің қажетті дене шынықтыру тәрбиесіне қосқан үлесіне қарамастан, жастардың физикалық тұрғыдан даму деңгейі төмен болды. Мектептердегі дене шынықтыру мәселелері әртүрлі съездерде талқыланды. Мысалы, халықтық білім мәселелері жөніндегі І-ші Жалпы ресейлік съезде (1913–1914) алдыңғы қатардағы педагогтар «балалардың физикалық, эстетикалық және ақыл-ой жағынан дамуы үшін және жеке және қоғамдық өмір мәселелерін саналы, ақылды түрде шешуге тәрбиелейтін бірыңғай мектептерді құруға» қолдау білдірді. Дене шынықтырудың негізгі құралдары ретінде ойындар, серуендеу, гимнастика, экскурсиялар саналды. Мұнан басқа, съездге қатысушылар өндірістегі балалардың еңбегін қысқарту қажеттілігін ескерді. Бірақ бұл талаптардың барлығы білім алушы жастарды физикалық тұрғыдан тәрбиелеу мәселелеріне деген үкіметтің жеткіліксіз назар аударуының себептерінен және білікті кадрлардың жетіспеуінен жүзеге асырылған жоқ.

1916 ж. Олимпиада ойындарына қатысу мақсатында 1912 ж. Олимпиадамен салыстырғанда ресейлік Олимпиада ойындарын күнделікті өткізу жөнінде шешім қабылданды. Мұндай ойындардың алғашқысы 1913 ж. Киевте өтті. Спорттың 14 түрі бойынша мемлекеттің 20 қаласынан 500 адам қатысты. 1914 ж. Ригада өткен екінші ресейлік Олимпиадаға қатысушылардың саны 900 адамға жетті. 3-ші Олимпиада ойындарын Петербургте, ал 4-ші Олимпиаданы Мәскеуде өткізу жоспарланған болатын, бірақ Бірінші дүниежүзлік соғыс мұндай жоспарлардың жүзеге асуына мүмкіндік берген жоқ. 1914 ж. соғыс қимылдарының басталуы қарсаңында Ресейде 500 мүшесі бар 800 спорт клубтары болды.

1917 ж. орталық Ресейдегі спорттың даму деңгейі соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда жоғары болған жоқ. Тек қана ауыр атлетикадағы жетістіктер ғана әлемдік деңгейге жетті. 1918 ж. аяғына қарай орыс спортсмендерінің ауыр атлетика бойынша жетістіктері әлемдік деңгейге жеткен болатын. Ресей спорттың басқа түрлері бойынша әлемдік және еуропалық деңгейден артта қалды. Мұндай жағдай Ресей империясының құрамына енген мемлекеттерге, соның ішінде Қазақстанға да қатысы болды.

XIX ғ. екінші жартысында Ресей империясының құрамына кірген Қазақстандағы дене шынықтыру тәрбиесі мен спорт біркелкі дамыған жоқ. Бір жағынан, көптеген ұлттық ойындар назардан тыс қалды, екінші жағынан, қазақ даласындағы дене шынықтыру тәрбиесіне жаңа физикалық жаттығулар енді. Ресми түрде тыйым салынған алғашқы ұлттық ойындардың бірі — сайыс (ат ойындары — ат үстінде семсерлесу) болды. Сайыс ойнына ең күшті және дайындықтан өткен әр рудың жігіттері қатысты [13]. Кейбір деректер бойынша, мұндай қатерлі және күрделі ойындарға әйелдер де қатысқан [14]. Сондықтан адам өміріне қауіп төндіретін болғандықтан, Қазақстанда сайыс ойындарын өткізуге тыйым салынды [15]. Бірақ сайыс Қазан революциясына дейін дәріптеліп келді. Мұндай «қауіпті» ұлттық ойынның дәріптелуінің себебі бұл ойын ең ірі спорттық мерекелердің міндетті элементі болуымен байланысты болды.

Қазақстанның Ресей құрамына енгеннен кейінгі жаңалықтардың бірі — ат жарысын ұйымдастыру мен жүргізуге өзгерістер енгізілді. Жарыстың ережелері барлық қатысушылар үшін ортақ деп саналды және ауқатты спортсменнің үлесі үшін өзгерген жоқ [16]. Ат жарысы бір старты және бір финиші бар айналу бойынша жүргізілді. 1853 ж. бастап Бөкей Ордасында ұзындығы 4 верста тең айналу арқылы 20 верста ат жарысы ұйымдастырылды. Ең үздік нәтиже 27 минут 30 секундта, яғни орташа жылдамдығы 1 минутта 1 верстты айналып өтті [17].

Қазақстан территориясында ат зауыттарының құрылуы ат спортының дамында маңызды рөл атқарды. Бұл аттардың тұқымын жақсарту мақсатында құрылды [18]. Ат зауыттары аттардың жаңа тұқымдарын шығаруға ұмтылды. 1882 ж. көрмелер, бәйге, желгір аттар жарысын ұйымдастыру мақсатында «Түркістан бәйге қоғамы» құрылды. Бұл қоғамның қызметі кең болды. Қоғам күнделікті түрде ат бәйгесін және ат және ұлттық ат бәйгесі бойынша жарыстар өткізді. Мұндай іс-шаралардың жүргізілуі жергілікті тұрғындар арасында спорттың қазіргі заманғы түріне деген қызығушылықтарын оятты, жарыстарды ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістерінің таралуына оң ықпалын тигізді.

XIX ғ. бастап қазақ даласында ат бәйгесі мәдениетінің және өнерінің элементтері көрсетілетін жәрмеңкелер жүргізіле бастады. Барлық, әсіресе ірі жәрмеңкелер спорттық жарыстардың өзіндік аренасына айналды. Жәрмеңкелерде әйгілі шабандоздар, мергендер, палуандар өздерінің өнерін көрсетті. Сонымен бірге жәрмеңкелер цирк өнері элементтерінің, «Қазақстандағы театрлық көрінісінің» қалыптасқан жерлеріне айналды.

Орыс жер аударушылары мәдениеті мен күнделікті өмірінің ықпалы арқасында сырыққа өрмелеу, әртүрлі секірулер, қалта арқылы жүгіру т.б. дене шынықтырудың жетістіктері тарай бастайды.

Кез келген бір тарихи оқиға сияқты, Қазақстанның Ресейге қосылуының оң және кері жақтары болды. Ресей империясының саясаты дәстүрлі институттардың өзгеруіне, жаңа қоғамдардың құрылуына алып келді және бұл, өз кезегінде, патшаның жеңіл басқаруына мүмкіндік берді. Патшалықтың саясаты дене шынықтыру мәдениетінде де көрініс тапты. Патша шенеуніктері Қазақстанда әскери-қолданбалы сипатындағы спорттың дәріптелген түрлеріне тыйым салуға тырысты. Осының себебінен, қазақтардың қарулы арсеналында қылыштар бар болуына қарамастан, Қазақстанның жергілікті тұрғындары арасында әскери шабу сияқты спорттың түрі таралмады. Қолайлы жағдайларда спорттың кейбір әскери қолданбалы түрлері ұлттық спорт түрлеріне айналуы мүмкін еді, себебі қазақ жігіттері асқан шабандоз және күрделі жаттығуларды ұнатқан. Патшалық үшін қауіп төндіретін спорттың атқыш түрлері ресейлік басқарушылардың ерекше назарында болды. XIX ғ. аяғында ресми басшылық дәріптелген алтын-қабақты — атысу жарысына спорттың түрі ретінде тыйым салу үшін барлық шараларды қолданды.

Қазақ даласындағы дене шынықтыру тәрбиесі әртүрлі қоғамдық құбылыстардың — ас беру, той, нәрестенің дүниеге келуі т.б. арқасында дами бастады. Кез келген бір маңызды себепке байланысты спорттық жарыстар, соның ішінде бәйге, алтын-қабақ, күрес т.б. ұйымдастырылды. Асқа барлық жерлерден адамдар келіп, ат және ату т.б. ойындар бойынша жарыстар жүргізілді. Әйгілі қазақ ағартушысы Ы. Алтынсариннің пікірі бойынша, ас беру халықтың мәдени өмірі болып табылды [19]. Аста спорттық жарыстар мен ойындардан басқа, халық әншілері мен музыканттары өнер көрсетті, қоғамдық өмірге қатысты мәселелер шешілді.

Қазақстан территориясындағы тағыда бір танымал ойын — тоғыз құмалақ болды. Балалардың арасында әртүрлі заттармен — доп, таяқ, шарлармен («қыз-доп», «орда-доп»), сүйектермен, бас киімдермен (тақия, телпек) ойындар кеңінен тарады. «Ақсүйек» ойыны ең сүйікті ойынға айналды, бұл ойын кешкі мезгілде, күн батқаннан кейін жүргізілді. Қазақтар нәресте туғаннан бастап оларды дене шынықтыру тәрбиесіне тарта бастады. Нәресте үш жастан асып, төрт жасқа қараған кезде нәрестені өзімен қатар туылған құлынға отырғызатын болған. Жеті жасына қарай бала ата-анасының толыққанды көмекшісі мен өнерлі шабандозға айналған. Бұл құбылыс ер баламен бірге, қыз балаға да тән болған.

Қазақтардың балалары атпен жүру, қимыл-қозғалыс ойындары, садақпен оқ атумен шұғылданған. Баланы аң аулауға үйрету үшін арнайы бала жебе мен оқтары дайындалды. Әртүрлі дене шынықтыру жаттығуларын және ойындарды тиімді түрде қолдану қазақ балаларының сегіз жасында дербес және дене бітімі жағынан мықты болуына ықпал етті. Мұнан басқа, осындай жаттығулар мен ойындар балалардың ақылының дамуына, қоршаған орта туралы білімінің дамуына әсер етті. Зерттеуші А.С. Ситдыковтың пайымдауынша, қазақ балалары мен жасөспірімдері қоршаған орта туралы ғылыми танымға ие болмағанымен, олар қоршаған орта мен табиғат жөнінде басқа фактілі білімдерге, дала кеңістігі бойынша бағыт-бағдарға ие болған. Он жасында ер балалар қорғану және күрестерге қатысқан [20]. Тәрбиелеудің әртүрлі амалдарын, әсіресе физикалық еңбекті, жаттығулар мен ойындарды ерте жаста қолданудың арқасында 15 жастағы жасөспірімдер Қазақстанда кәмелетке толған деп есептелді.

Ресей империясына қосылуға дейінгі қазақ халқының дене шынықтыру тәрбиесінің ерекшелігі оның жалпы халықтық мәдениет қазынасына кіруімен байланысты болды. Ол мәдениеттің басқа да түрлерімен тығыз байланыста дамыды.

Қазақстан ежелгі дәуірден бастап әртүрлі халықтардың өмір сүретін өлкесі болып саналды. Олардың көпшілігі өздерінің өзіндік мәдениетін, соның ішінде дене шынықтыру мәдениетін сақтап келді. Бұл тенденция Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейін де Ресей тарабынан күшейтілді. Орыс халқының мәдениеті қазақ халқы арасында еніп, кейбір қазақ ойындары орыс халықтары өмірінің бір бөлігіне айналды. Кері жақтары ретінде оқу орындарының жоқ болуына байланысты дене шынықтыру мамандарын арнайы түрде дайындықтан өтпеуін және Қазақстандағы спорттың түрлері бойынша оқытушылар мен бапкерлерді даярлау бойынша курстардың болмауын атап көрсетуге болады.

Қорытындылай келе, Ресей империясының шенеуніктері халық бұқарасы арасында дене шынықтыру мен спорттың дамуына қызығушылық танытпаған деп атап көрсетуге болады. Жергілікті халықтың балалары үшін арналған аз санды оқу орындарында дене шынықтыру мәдениеті бойынша

сабақтар жүргізілмеген. Ат ойындары, садақпен оқ ату және көптеген қимыл-қозғалыс ойындары сияқты спорттың ұлттық түрлері Қазақстан халқының дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі құралы болды. Өткізілген тойлар, ас берулер, тағы басқа бірқатар ұлттық салт-дәстүрлер спорттың аталған түрлерінің дамуын қамтамасыз етті. Мемлекеттегі спорт пен дене шынықтыру мәдениетін дамыту мен ұйымдастыруға қатысты орыс және қазақ шенеуніктерінің байланыстары кей кездері айтарлықтай емес алға жылжуларды қамтамасыз етсе, кейбір кездері жастардың физикалық тұрғыдан жаңаша түрінде тәрбиеленуінің дамуына кедергі жасады.

XX ғ. басында Қазақстанның дене шынықтыру мәдениеті мен спортында спорт пен ойындардың классикалық түрлері дәріптеле бастады, спорттық командалар мен клубтар пайда бола бастады. Классикалық спорт түрлерінің дамыған орталықтарының бірі Семипалатинск қаласы болды. 1912 ж. бұл қалада «Нептун» деп аталатын алғашқы спорт клубы құрылып, онда спорттың классикалық түрлері дәріптелді. 1913 ж. құрамында әйгілі қазақ жазушысы М. Әуезов ойнаған «Жарыс» футбол командасы ашылды [19]. Семипалатинск ауыр атлетиканың, күрестің, коньки спорты, жеңіл атлетика, жүзі, тағы басқа спорт түрлерінің дамуының алғышарттарын жасап берді.

Спорттың классикалық түрлерінің, әсіресе күрес пен ауыр атлетиканың дамуында әйгілі қазақ батыры Қажымұқан үлкен рөл атқарды және оның жеке үлгісі спорттың бұл түрінің дамуына зор ықпал етті. 1915 ж. Троицкте күрес бойынша ірі чемпионатты жеңіп, Қазақстанда спорттың халықаралық түрлері бойынша ірі спорт жарыстарын өткізудің алғышарттарын жасап берді.

Революцияға дейінгі Қазақстанда дене шынықтыру және спортпен шұғылданудың мүмкіндіктері болған жоқ. Жекелеген спорт клубтарында буржуазия өкілдері, қызметкерлері және жартылай білім алушы жастары спортпен шұғылданды.

1917 ж. Ресей империясындағы саяси қайта құрулар спорттық ұйымдардың қызметіне толықтай әсер етті. 1918 ж. 22 сәуірдегі Жалпы ресейлік орталық атқарушы комитетінің (ЖРОАК) Декретіне сәйкес әскери істер жөніндегі Халықтық комитеттің жалпы ресейлік штабы жанында жастар арасындағы спорттық үйірмелер мен ұйымдарды қайта қалпына келтіру және қайта құру міндеті жүктелген Жалпыға ортақ әскери білім беру басқармасы құрылды. 1918 ж. аяғына қарай мемлекетте құрамында 38167 белсенді мүшесі бар 350 спорт ұйымдары қызмет жасады [21]. Бұл кезеңде спортты ортақ басқару қалалық және облыстық спорттық лигалар мен одақтарға жүктелді. Жалпы ресейлік спорт одағының функцияларын Мәскеулік олимпиадалық комитет атқарды. Спорттың қарқынды дамуы басталады, тек қана спорттық құралдардың, инструкторлардың, бапкерлер мен әдебиеттердің болмауы бұл үрдісті тежеген болатын.

1919 ж. бастап Жалпыға ортақ әскери білім беру басқармасын Н.И. Подвойский басқарған. Дене шынықтыру тәрбиесі халықтың денсаулығын жақсартудың құралы ретінде әскери білім беру бағдарламасына енгізілді. 1920 ж. қазанда Жалпыға ортақ әскери білім беру Басқармасы жанындағы Дене шынықтыру мәдениетінің Жоғарғы кеңесінің (ДШМЖК) құрылуының арқасында дене шынықтырудың мемлекеттік органын құруға деген алғашқы қадам жасалды. ДШМЖК-не сайыстар туралы ережелер, бағдарламалар, анықтамалар, жарғы, әртүрлі ұйымдар арасында сайыстар өткізу жүктелді.

Жалпыға ортақ әскери білім беру басқармасының қызметі дене шынықтыруды әскери дайындық үшін қолданумен қатар, Басқармаға мемлекеттегі дене шынықтыру-спорттық қызметке басшылық ету жүктелді. Жалпыға ортақ әскери білім беру басқармасы 1917 ж. кейін қалыптасқан халыққа білім берудің жаңа жүйесіне дене шынықтыру тәрбиесін енгізу мәселелерімен айналысып, жаппай спорттың жандануына, пролетарлық спорттық ұйымдардың құрылуына ықпал етті. 1919 ж. мамырына қарай Ресейде Жалпыға ортақ әскери білім беру басқармасының 7 округтық, 39 губерниялық және 395 уездік бөлімшелері құрылды және бұлар әскерге дейінгілерге білім берумен шұғылданды. Жалпыға ортақ әскери білім беру басқармасының маңызды жетістіктерінің бірі — дене шынықтыру мен спортты тек қана ірі орталықтарға енгізіп қойған жоқ. Губерниялық және уездік қалаларда, ауылдық жерлерде әскери-спорттық клубтар құрыла бастады.

1919 ж. Мәскеуде өткен дене шынықтыру және спорт, әскерге дейінгі дайындық бойынша жұмысшылардың бірінші шақырылған Жалпы ресейлік съездінің делегаттары мемлекеттегі дене шынықтыру қозғалысының басты міндеттерінің бірі ретінде спорттық секциялар мен клубтар санының өсіру қажеттілігі атап көрсетілді [22]. 1921 ж. қаңтарында бұрынғы Ресей империясының территориясында 1612 спорттық ұйымдар қызмет жасады.

1920 ж. басында жүргізілген аймақтық олимпиадалар жаппай оқиғаға айналып, дене шынықтыру мен спорттың таралуына ықпал етті. Бірақ дене шынықтыру-спорттық қозғалыс кейбір жетістіктерге

карамастан, халықтың үлкен бөлігін қамтый алған жоқ. 1920 ж. көктемде Жалпыға ортақ әскери білім беру басқармасы өзінің жергілікті органдарына халық арасында дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылық ояту үшін әйгілі спортсмендерден тұратын және сайыстарды қамтитын қойылым-көрсеткіш іс-сапарларын ұйымдастыруға тапсырыс берді. Мұндай іс-шараларды жүргізу тәжірибеде халықтың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығын ояту үшін үлгінің маңыздылығын дәлелдеп берді.

1920 ж. спорттық құрал-саймандардың және спорттық жабдықтардың жетіспеуі байқалды және бұл спорт саласындағы бастамаларға кері әсер етті. Батыстағы сияқты спорттық өнеркәсіпті тез арада дамытудың мүмкіндіктері болмады. Мемлекеттік Халық комиссариаты шеңберінде мектеп медицинасы мен гигиенасы бөлімдері, ғалымдардың, дәрігерлер мен педагогтардың бірқатар тобы социалистік дене шынықтыру тәрбиесі жүйесінің негізін өңдеуге кірісті. Дене шынықтыру мен спортты дамытудың әртүрлі жолдары ұсынылды. Мысалы, дене шынықтыру тәрбиесінің «социалистік» сипатының дамуын мектептерде «оқушыларға қолайлы және пайдалы ойындарды енгізу» қажеттілігі ұсынылды [23].

Медициналық бағытты ұстанушылар (В.В. Гориневский, Г.К. Бирзин) қанау мен зиянды өмір салты жұмысшылар мен олардың балаларының организмін әлсіретеді деген тұжырым жасады. Сондықтан өнеркәсіп қызметінің күрделілігінің ықпалын ескере отырып, дене шынықтыру жаттығуларын орындаумен байланысты қосымша жүктемелер, спортпен айналысу жұмысшылардың денсаулығы үшін кері әсер береді деп есептелді. Олардың пікірі бойынша, футбол, бокс, ауыр атлетика, күрес секілді спорттың түрлерін жұмысшы топтарының дене шынықтыруынан алып тастау қажет болды.

Дене шынықтырудың ерекше түрін пролеткультты ұстанушылар (А.В. Луначарский, В. Полянский, Г.В. Плеханов) ұсынды. Олар «жаттығулардың буржуазиялық жүйесінен» толықтай бастартты. 1925 ж. футболдық педагогикалық мәні жөнінде мақала баспадан шықты және бұл мақалада футбол ағылшын буржуазиясының ойлап тапқаны болғандықтан, кеңестік жастарды алдауға үйрететіні және мұның тұлғаның жеке сапасына кері әсер ететіні дәлелденген. «Буржуазиялық жаттығулардың» орнына «жұмысшы гимнастикасы ұсынылды». Пролеткультты жақтаушылар мемлекетте спорттың кең түрлерінің (бокс, спорттық гимнастика, футбол т.б.) дамуына қарсылық білдірді, мұның себебі аталған спорт түрлері капиталистік елдерде дәріптелуіне байланысты болды [23]. Пролеткульт көзқарастары КСРО-ғы дене шынықтыру тәрбиесіне айтарлықтай зиян келтірді. Пролеткульт жақтастарының пікірлері бойынша, спорттық құралдар мен саймандар, дене шынықтыру жаттығулары кез келген бір моральді қамтамасыз етеді деп саналды. Мұның мысалы ретінде скауттық қозғалыстың тағдырын атап көрсетуге болады. Большевиктердің скауттық қозғалысқа деген көзқарасы айтарлықтай суық болды және уақыт өте келе нашарлай түсті. Мұндай нашарлаудың себептерінің бірі көптеген скауттар мен скаут-шеберлердің ақ гвардияшылармен байланысы болды. Екінші жағынан, басқада себептері болды және бұл 2018 ж. комсомол ұйымының құрылуына байланысты скауттар олардың бәсекелесітігіне айналуымен байланысты болды. Мұнан басқа, большевиктерге деген оппозиция скауттарға анархияның, революцияның және құдайсыздықтың қарсыласы ретінде қарады. Олардың пайымдауы бойынша, скауттар тәртіпті, тұрақтылықты, қасиетті Русьтың рухани құндылықтарын кейіптейді. Өз кезегінде, большевиктер скауттарды британдық буржуазия мен әлемдік буржуазияның «құралы» деп есептеді. Скауттық қозғалыс жөніндегі пікірталастар өткір түрде өтіп, 1922 ж. дейін сақталып келді. Кеңестік Ресейдегі балалар қозғалысын ұйымдастырушылар скауттық істің қызықты және пайдалы екендігін түсінді, сондықтан скауттарды жою емес, ал олардың идеологиясын ауыстыруды қолдады. 1922 ж. Мәскеудегі скаут-шеберлердің жиналысында «скаут» атауын «жас пионерлер» деп ауыстыру жөнінде шешім қабылданды. Осылайша, скауттық қозғалыстың орнына пионерлер қозғалысы келді. Олардың бір-бірінен айырмашылығы — қызметтің идеологиялық негізінде болды. Ұйымдастырушылық және әдістемелік жағынан пионерлер ұйымы скаутинг жүйесінен көптеген нәрселерді алды, соның ішінде ұйым құрылымы, түрі, кейбір заңдар, «Дайын бол!» ұраны, жазғы лагерлер т.б. алды.

Дене шынықтыру тәрбиесі мен спорттың ғылыми-әдістемелік негіздерінің даму үрдісін идеологизация мен политизация тежеп отырды. 1930–1950 жж. кеңестік дене шынықтыру мен спорт тоталитарлық тәртіп идеологиясының бір бөлігіне айналады және оның әдіснамалық негізі ретінде марксизм-ленинизм философиясы алынады. Дене шынықтыру мен спорттың ғылыми әдіснамалық мәселелері соғысқа дейінгі кезеңде дене шынықтыру бойынша алты институттарда және 1933 ж. құрылған дене шынықтырудың Орталық ғылыми-зерттеу институтында өңделді. КСРО-ғы ғылымның

негізгі күші жоғарғы жетістіктегі спортты дамытуға бағытталды, себебі бұл социалистік жүйенің капиталистік жүйеден асып түсу артықшылығын көрсетудің құралы ретінде қарастырылды.

Дәл осындай идеялар кеңес үкіметінің дене шынықтыру тәрбиесіне адамдардың үлкен бөлігін тарту, спортты мемлекеттің жаппай игілігі етуге деген қалауын тудырды.

Қорытындылай келе, КСРО-ғы дене шынықтыру тәрбиесі кеңестік қоғам мәдениетінің құрамдас бөлігі, әлеуметтік қызметтің айтарлықтай саласы, КСРО халықтарының тұрмыс дәстүрі болып саналды деп атап көрсетуге болады. Кеңес Одағының өмір сүруі кезеңінде дене шынықтыру тәрбиесі коммунистік тәрбиелеудің құралы ретінде қарастырылды. Бірақ дене шынықтыру мен спортты дамытудың артықшылықтары өзгерістерге ұшырап отырды.

Осылайша, КСРО-ғы дене шынықтыру тәрбиесі мен спорттың жаппай сипат алуының алғышарттары патшалық Ресейде басталды. Бастапқыда бұл мемлекеттің әскери қуатын арттыруға деген қалаумен байланысты болды. Соғыстан кейінгі жылдары үкімет әскери-патриоттық тәрбиелеудің жетіспеуін ұғына отырып, әскерлердің дене шынықтыру тәрбиесін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Дене шынықтырудың жаппай құбылыс ретіндегі дамуының келесі сатысы армия қорын құрумен байланысты болды. Ресей империясының территориясындағы билікті большевиктердің тартып алуынан кейін мемлекетті буржуазиялық агрессорлардан қорғайтын әскерлер қажет болды. Бірақ айыр және орағы бар шаруалар нағыз армия бола алған жоқ, әскери тәрбиелеу жүйесіндегі дене шынықтыру берік әрі бірлескен армия құруға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге Кеңес мемлекетінде дене шынықтыру мен спорттың жаппай сипат алуына үкіметтің дені сау ұлт құруға деген қалауы ықпал етті. Жалпыға білім беру мекемелерінде және институттарда «Дене шынықтыру тәрбиесі» пәні енгізілді, зауыттар мен фабрикаларда жұмысшылар таңғы жаттығулар жасады, әртүрлі жаппай ойындар жүргізді.

Жаппай дене шынықтырудың пайда болуының маңызды аспектісі коммунистік тәрбиелеудің құралын құру болды. Спорт сталиндік адамды «homo soveticus» тәрбиелеудің құралына айналды. XX ғ. 30 жж. бұлшықты жігіттер мен қыздардың бейнесі көрсетілген кеңестік плакаттар спортпен шұғылдануға қалау тудырып, салауатты өмір сүруге және жастар арасында спортқа деген қызығушылықты ояту қажет болды.

Кеңестік дене шынықтыру қозғалысындағы жетістіктер әлеуметтік саясатпен, КСРО-ның табысты қоғамдық-экономикалық дамуымен байланысты болып, соңынан барлық кеңестік республикалардың игілігіне айналды. Халықты дене шынықтыру мен спортқа тарту өз еркі негізінде, сонымен қатар мәжбүрлеу тәртібі негізінде де жүзеге асырылды [24]. Дене шынықтыру мәдениеті мен спортты үгіттеу өзінің нәтижелерін берді: денсаулық абыройдың нағыз элементі, адамгершілік пен ерліктің белгісі болып табылды. Салауатты өмір салты мен спортты насихаттаудың көмегі арқылы негізгі мәдени, әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелер өз шешімдерін тапты. Кеңес адамдарын дене шынықтыру тәрбиесі жағынан белсенділікке, туризм және спортпен шұғылдануға шақыру, оған деген қолжетімділік — осының барлығы еңбектің өнімділігі мен өнімнің бәсекеге қаблеттілігін арттыру, шығынды төмендету үшін жасалды.

Список литературы

- 1 Поздравление Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева по случаю Дня спорта [Электронный ресурс] / Официальный сайт Президента Республики Казахстан. — Режим доступа: <http://www.akorda.kz/ru/addresses/>
- 2 Послание Президента Республики Казахстан — Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» [Электронный ресурс] / Официальный сайт Президента Республики Казахстан. — Режим доступа: <http://www.akorda.kz/ru/events/>
- 3 Гибер Б.В. Новый этап в физкультурном движении. — М. -Л., 1990. — 320 с.
- 4 Долуцкий И.И. Отечественная история. — М.: Мнемозина, 1994. — 400 с.
- 5 Радищев А.Н. Путешествие из Петербурга в Москву. — М.: Просвещение, 2003. — 278 с.
- 6 Суворов А. Наука побеждать. — М.: АСТ, 2018. — 320 с.
- 7 Кун Л. Всеобщая история физической культуры и спорта / Л. Кун. — М.: Радуга, 1994. — 318 с.
- 8 АП РК. — Ф. 812. — Оп. 14. — Д. 493. — Л. 6–8.
- 9 ГА РФ. — Ф. 5446. — Оп. 86. — Д.2500. — Л. 145.
- 10 Игумен Виталий (Уткин). «Потешные» Антиоха Луцкевича [Электронный ресурс] / Виталий (Уткин) Игумен. — Режим доступа: <http://history.pravorg.ru/2016/02/05/poteshnye-antioxa-luckevicha/>

- 11 Деметр Г.С. Очерки по истории отечественной физической культуры и олимпийского движения / Г.С. Деметр. — М.: Сов. спорт, 2005. — 324 с.
- 12 Воейков В.Н. С царем и без царя / В.Н. Воейков. — М.: Захаров, 2016. — 400 с.
- 13 Ефименко П.П. Дородовое общество / П.П. Ефименко. — М. — Л.: АН СССР, 1934. — 410 с.
- 14 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области / Н.И. Гродеков. — Ташкент, 1989. — 256 с.
- 15 История Казахской ССР. — Т.1. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1957. — 396 с.
- 16 Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. / С.З. Зиманов. — Алма-Ата: изд-во АН КазССР, 1958. — 291 с.
- 17 Доскараев Б.М. Историко-педагогические основы становления и развития системы физической культуры в Казахстане: дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.04 / Б.М. Доскараев. — Алматы: КазГАСТ, 2009. — 288 с.
- 18 Таникеев М.Т. История физической культуры в Казахстане / М.Т. Таникеев, А.К. Асарбаев. — Алматы, 2001. — 181 с.
- 19 Таникеев М. Теория и практика взаимовлияния национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане: дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.04 / М. Таникеев. — Алматы: КазГАСТ, 1998. — 292 с.
- 20 Вамбери А. Очерки Средней Азии / А. Вамбери. — М., 1868. — 320 с.
- 21 АП РК. — Ф. 708. — Оп. 26. — Д. 342. — Л. 50–54.
- 22 АП РК. — Ф. 812. — Оп. 1. — Д. 2705. — Л. 53–54.
- 23 Орлов И.Б. Советская повседневность: исторический и социологический аспекты становления / И.Б. Орлов. — М.: ГУ-ВШЭ, 2010. — 317 с.
- 24 Grigorkevich A.A. History of the development of physical culture and sports in Kazakhstan in 1946–1960 in the period of Soviet power / A.A. Grigorkevich, & Z.G. Saktaganova // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. История. Философия. — 2018. — № 1 (89). — С. 35–41.

А.А. Григоркевич, З.Г. Сактаганова

Предпосылки зарождения массовости физической культуры и спорта в повседневности городов Советского Союза

В СССР развитие физической культуры и спорта представляло одно из направлений «культурной революции». Государственные программы всеобщего физического воспитания, поддержки физкультурных и спортивных организаций, включение физкультурно-спортивных объектов в планы гражданского строительства в первые десятилетия советской власти позволили значительно поднять общий уровень физической культуры в стране и сделать спорт заметным явлением культурной жизни. В сферу физической культуры и спорта были вовлечены различные группы населения: промышленные рабочие, учащиеся, женщины. Это физкультурно-спортивное движение было любительским в самом лучшем и, может быть, точном значении этого слова, ибо представляло собой недосузные и развлекательные занятия, а с увлечением и энтузиазмом выполняемую жизненную программу. Но что повлияло на создание физкультурного приоритета в стране? Что явилось зачатком зарождения массовости физического воспитания в повседневной жизни населения СССР? Авторы статьи попытались найти ответы на данные вопросы в статье.

Ключевые слова: физическая культура, спорт, Казахстан, Советский Союз, массовость, повседневность, становление системы физического воспитания, национальные игры.

A.A. Grigorkevich, Z.G. Saktaganova

Background of the emergence of mass physical culture and sports in the everyday life of the cities of the Soviet Union

In the USSR the development of physical culture and sports was one of the directions of the «cultural revolution». State programs of general physical education, support for physical education and sports organizations, the inclusion of physical education and sports facilities in civil engineering plans in the first decades of Soviet power significantly increased the overall level of physical culture in the country and made sport a noticeable phenomenon of cultural life. Various groups of the population were involved in the sphere of physical culture and sports: industrial workers, students, and women. This physical culture and sports movement was amateur in the best and, perhaps, exact sense of the word, for it was an uncomfortable and entertaining activity, and with enthusiasm it was a life program. But what influenced the creation of sports priority in the country? What was the germ of the origin of the mass physical education in the daily life of the population of the USSR? These questions are raised in the article.

Keywords: physical culture, sport, Kazakhstan, Soviet Union, mass character, everyday life, the formation of a system of physical education, national games.

References

- 1 Pozdravlenie Prezidenta Kazakhstana Nursultana Nazarbaeva po sluchaiu Dnia sporta [Congratulation of the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev on the occasion of the Day of Sport] (n.d.). *akorda.kz*. Retrieved from <http://www.akorda.kz/ru/addresses/> [in Russian].
- 2 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan — Lidera natsii Nursultana Nazarbaeva narodu Kazakhstana «Stratehiia «Kazakhstan-2050»: novyi politicheskii kurs sostoiavshehosia hosudarstva» [The Message of the President of the Republic of Kazakhstan — Leader of the Nation Nursultan Nazarbayev to the People of Kazakhstan «Strategy Kazakhstan–2050»: a new political course of the established state»] (n.d.). *akorda.kz*. Retrieved from <http://www.akorda.kz/ru/events/> [in Russian].
- 3 Giber, B.V. (1990). *Novyi etap v fizikulturnom dvizhenii [A new stage in physical movement]*. Moscow [in Russian].
- 4 Dolutskiy, I.I. (1994). *Otechestvennaia istoriia [National history]*. Moscow [in Russian].
- 5 Radischev, A.N. (2003). *Puteshestvie iz Peterburha v Moskvu [Travel from St. Petersburg to Moscow]*. Moscow [in Russian].
- 6 Suvorov, A. (2018). *Nauka pobezhdad [Science of victory]*. Moscow [in Russian].
- 7 Kun, L. (1994). *Vseobschaia istoriia fizicheskoi kultury i sporta [General history of physical culture and sports]*. Moscow [in Russian].
- 8 AP RK. F.812. Op.14. D. 493. L.6–8.
- 9 GA RF. F.5446. Op.86. D.2500. L.145.
- 10 Igumen Vitaliy (Utkin). «Poteshnye» Antiokha Lutskevicha [«Fun» of Antiochus Lutskevich] (n.d.). *history.pravorg.ru*. Retrieved from <http://history.pravorg.ru/2016/02/05/poteshnye-antioxa-luckevicha/> [in Russian].
- 11 Demetr, G.S. (2005). *Ocherki po istorii otechestvennoi fizicheskoi kultury i olimpiiskoho dvizheniia [Essays on the history of Russian physical culture and the Olympic movement]*. Moscow [in Russian].
- 12 Voeykov, V.N. (2016). *S tsarem i bez tsaria [With or without a king]*. Moscow [in Russian].
- 13 Efimenko, P.P. (1934). *Dorodovoe obschestvo [Prenatal society]*. Moscow [in Russian].
- 14 Grodekov, N.I. (1989). *Kirhizy i karakirhizy Syrdarinskoi oblasti. [Kyrgyz and karakirgiz of Syrdarya region]*. Tashkent [in Russian].
- 15 Istoriia Kazakhskoy SSR. T. I. [History of the Kazakh SSR] (1957). Alma-Ata: ANKazSSR [in Russian].
- 16 Zimanov, S.Z. (1958). *Obschestvennyi ustroi kazakhov pervoi poloviny XIX v. [Social structure of the Kazakhs in the first half of the XIX century]*. Alma-Ata: AN KazSSR [in Russian].
- 17 Doskaraev, B.M. (2009). *Istoriko-pedahohicheskie osnovy stanovleniia i razvitiia sistemy fizicheskoi kultury v Kazakhstane [Istoriko-pedagogical bases of formation and development of system of physical training in Kazakhstan]. Doctor's thesis. Almaty: KazGAST [in Russian]*.
- 18 Tanikeev, M.T., & Asarbaev, A.K. (2001). *Istoriia fizicheskoi kultury v Kazakhstane [History of Physical Culture in Kazakhstan]*. Almaty [in Russian].
- 19 Tanikeev, M. (1998). *Teoriia i praktika vzaimovliianiia natsionalnykh i internatsionalnykh faktorov v razvitiia fizicheskoho vospitaniia i sporta v Kazakhstane [Theory and practice of mutual influence of national and international factors in the development of physical education and sport in Kazakhstan]. Doctor's thesis. Almaty: KazGAST [in Russian]*.
- 20 Vamberi, A. (1868). *Ocherki Srednei Azii [Sketches of Central Asia]*. Moscow [Russian].
- 21 AP RK. F.708. Op.26. D.342. L.50–54.
- 22 AP RK. F.812. Op.1. D.2705. L.53–54.
- 23 Orlov, I.B. (2010). *Sovetskaia povsednevnost: istoricheskii i sotsiologicheskii aspekty stanovleniia [The Soviet everyday life: historical and sociological aspects of formation]*. Moscow [in Russian].
- 24 Grigorkevich, A.A., & Saktaganova, Z.G. (2018). *History of the development of physical culture and sports in Kazakhstan in 1946–1960 in the period of Soviet power. Vestnik Karahandinskoho universiteta. Serii Istoriia. Filosofii – Bulletin of the Karaganda University. Series History. Philosophy, 1 (89), 35–41 [in Russian]*.